

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

ХАТТАМА № 4

2023 жылғы 29 желтоқсан

Жаңаөзен ауылы

Директор жаңындағы кеңес отырысы

Қатысқандар: мектеп директоры К.С.Байгалиев

Мектеп әкімшілігі, психолог,

ӘБ жетекшілері, сыйнып жетекшілер

Күн тәртібі:

1. 7-8 сыйныптардағы биология пәнінің оқытылу жағдайын бақылау және корытындысы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Унуспаева Д.Б.
2. Жас және жаңадан келген мамандардың кәсіби шеберлігінің корытындысы туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Унуспаева Д.Б.
3. 9- сыйныптардың ОЖСБ-ға дайындық барысы Директордың оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т.
4. 5,6,9,10- сыйныптардың математика, 10,11 сыйныптардың физика пәндерінің дәптерлерін тексеру корытындысы директордың бағдарлы оқу ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т.
5. Халықаралық ЖИТС-не күрес айлығының қарсы күрес айлығының іс-шараларының орындалуының корытындысы. Директордың тәрбие ісі жоніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж.

Тындалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Унуспаева Д.Б. сөз алды. Әдістемелік нұсқауда көрсетілгендей биология пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалімдердің кәсіби білітілігі мен окушылардың білім-білік дағдыларын бақылау мақсатында, 06-17 караша аралығында 7-8 сыйныптар мектепшілік бақылауға қойылды. Бақылау барысында біріншіден, сабакқа катысын; екіншіден, сабак барысындағы окушылардың білім-білік дағдыларын бақылау. Унуспаева Д.Б. 8 «Ә» сыйныбында «Азық-тұліктегі көмірсулар мен майлардың маңызы» тақырыбындағы сабактарына катысты. Сабактың құрылымдық деңгейі сакталалы. Сабак үй тапсырмасын, сұрақ-жаяуп әдісі арқылы сұраудан басталды. Талдау, ойын жинақтау сынды білім дағдылары орындалмады. Жаңа сабакты топтық жұмыс арқылы өткізді. Окушылар тек ауызекі сөйлеумен шектелді. Жаңа сабакты ашуда кесте, сызба, анализ, синтез, баға беру тәсілдері мен әдістері жетіспеді. 7 «А» сыйныбында өткен сабағында үй тапсырмасы тақырыптық карточкада берілген сұралктарды талдаумен пысықталды. Визумды тапсырмамен жұмыс жасалды.

Барлықанова А.Б 7 «Ә» сыйныбында «Сабак және тамырдың ішкі құрылышы» тақырыбындағы сабағында 42 % окушы үй тапсырмасын сұраудағы пысықтау сұрагына катысты. Сабак жоспарлауда мұғалім үй тапсырмасына уақыт көп бөлген.

Барлықанова А.Б. 8 «А», 8 «Ә» сыйныптарындағы «Тістің түрлері, күту жолдары», «Ағзаның ішкі ортасы» тақырыбында сабак өтілді. Мұғалім сабағын көс тілде жүргізді. Мұғалім сабағын түрлендіріп бере отыра, сабак мазмұнын ашатын тәсілдер мен әлістердің орынды қолдануына мән береді.

Есмұрат Г. сабағында теорияны тыңғылықты ұсынады. Эрбір тапсырманың сонында кері байланыс беруге окушылар төсөлген. Окушының берген жауабы мүкият тындалып.

кательктері дер кезінде түзетілуіне мән берілмеді. Топ арасындағы байланыс жүзеге асырылмады. Сабак үрдісін жоспарлау барысында жіберілген олқылықтар бойынша жұмыс жасау пән мұғалімдеріне ескертілді.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары Унуспаева Д.Б.сөз алды. Мектепте 3 жас маман жұмыс жасауда. Жас маман сабактарына қатыса отыра, әр сабакқа анықтама беріп отті.

Мадыбаева А.О. қазак тілі мен әдебиет пәні мұғалімі. КТЖ бекітілген, күн реті толык көрсетілмеген. Сабак барысында 6 «Ә» сынып окушыларын белсенді жұмыс жасауға тартты. Эйтсе де, окушылардың жеке жұмысына мүмкіндік бере отырып, жазылып дағдысын дамытуға, сынни ойлауға негізделген сұраптарға, сабак құрылымы бөліктеріне сай тәсілдер мен әдістерді колдану дағдысын жетілдіруге ұсыныс жасалды. Мадыбаева А.О. қазак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мұғалімнің басым тұсы дауыс ыргагы өте жақсы, оқушымен сырпайы қарым-қатынаста, әрбір айтылған ойға кері байланыс беріп отырады. Алайда қысқа мерзімді сабакты жоспарлауда айтқан тапсырмалар жалпылама жазылған. Көрсетілген бейнефильм такырыптан ауытқыды. Тілден бағдар бойынша ережелер қайталанып, көнерген сөздерге түсінік ғылыми тілде беру кажеттілігі ұсыныс ретінде берілді.

Барлыханова А.Б.- биология пәнінің мұғалімі. Сабак жоспарға сәйкес өткізілді. Окушылар сабакқа белсene қатысады. Шығармашылыққа бейімделген. Жұптық жұмыс орындауда өз ойын дәлелді жеткізе алады. Слайд арқылы талдау, окушы ойының тианакты жеткізуі, жаңа сөздерді өмірмен байланыстыру, кері байланыстың жүргізуі пән мұғалімі тарапынан орындалды. Кейбір окушыларға шығармашылықты жеке беру, топ арасындағы байланысты орнату ұсыныс ретінде берілді.

Бейсембинаева Ж.Т.- көркем еңбек пәнінің мұғалімі. КТЖ қойылмаган. ҚМЖ да жазылған іс-әрекет сабак барысында жүргізілмегі. Жаңа сабакты дәптерге көшіріп жазды. Окушылардың еңбек құралдары толық емес. Пән мұғаліміне сабак құрылымын жасауда әдістемелік көмек керек. Кәсіби тәжірибе алмасу керектігі ұсыныс ретінде берілді.

Сабактың мақсаты ботик жасау. Сыныпта орындалған жұмыс паспорттауды безендіруге бағытталды. Окушылардың еңбек құралдары бар, алайда әр топтан бірен-саран окушы қатысты. Жаңа сабак бойынша жасалатын бүйімнің технологиясы көрсетілмегі. Пән мұғалімдеріне тәжірибе алмасу ұсыныс ретінде берілді.

Жаңадан келген ұстаздардың сабактарына қатыса отырып, анықтама берілді.

3. Күн тәртібінде үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оку тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ашимханов сөз алды. Жалпы білім беру ұйымдарында оку жетістіктерін сырттай бағалаудың ұйымдастыруышы және өткізуі туралы ережемен таныстырып отті. Негізгі мақсаты білім беру қызыметтерінің сапасын бағалау, білім алушылардың жалпыға міндетті стандартты, оку бағдарламасының мегеру деңгейін анықтау. 9 сыныптар екі пәннен тапсырады, жалпы сұрап саны 60, тестілеу уақыты 130 минут алады. Қазак тілі пәнінен 20 тест тапсырмасы және жалпы білім беретін пәндердің бірі 40 тест тапсырмасынан тұрады. Тест жалпы білім беретін оку бағдарламаларына сәйкес оку материалдарын қамтиды. Екі пән бойынша максималды балл 75 баллды құрайды. Мектеп бойынша 2023-2024 оку жылында 9- сыныптар саны екеу. Негізгі пәндер бойынша ОЖСБ-ға дайындық жүргізу әр пән мұғаліміне жүктеледі. Пән мұғалімінің жұмыс жасау жоспары мен тестілеу нәтижесі тексерілетіндігін айтты. Алынған тестілеу жұмысына мониторинг шығарылып, нәтижесі бойынша жұмыс жасау керектілігі. І тоқсан бойынша білім сапасын төмен көрсетіп отырған 9 «А», (60%), 9 «Ә» (63%) сыныптармен ерекше дайындық жүргізу керектігі ескертілді.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алды. 2023 жылдың 20-24 караша аралығында 5,6,9,10 сыныптардың математика, 10- сыныптардың физика пәндерінің дәптерлері тексерілді. Мектептің математика физика оку бағытында екендігін ескерсек, бұл шараның әрбір пән мұғалімі тарапынан жүргізілетін жауапкершілікті жұмыс екендігі ескерілуі керек. 5- сыныптардың математика пәні бойынша дәптерлері аптасына 2,3- рет

тексерілген кейбір үлгерімі төмен оқушылардың орфографиялық қырагылығын арттыру ұсыныс ретінде берілді. 6-сыныптардың дәптерлерінің сыртына қойылатын талап сакталған. Дегенмен 6 «А» сыныбында дәптерді салғырт ұстайтындығы анықталды. 9-сыныптар бойынша оқушыларда алгебра және геометрия дәптерлерінде сыйбалар мен графинттер талапқа сай сызылмаған, кейбір оқушылар қызыл сыйыктан асып кеткен сиякты қателер анықталды. Пән мұғалімдеріне оқушы колиграфиясына назар аудару ескертілді. 10-сыныптар бойынша барлық дәптерлер бірінғай толтырылған. Қызыл сыйыктан асып жазған оқушылар бар. Дәптер тексеру барысында қателер көрсетілмеген, мұғалім тарапынан түзету жасалмаған. Оқушылардың орындаған жұмысына сай бага кою керектігі ескертілді. Оқушылардың колиграфиясы, таза ұстасы, дәптер жүргізу мәденисті, дәгдисінде мән беру керектігі ұсыныс ретінде айтылды.

5. Құн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Г.Тагаева сөз алды. Халықаралық ЖИТС-ке қарсы күрес айлығының іс-шараларының орындалуының корытындысы туралы айтып берді. «Салауатты өмір салты» бағыты аясында Лицей оқушыларының зиянды заттарды қолданбауы, жат қылыштарды болдырмая мақсатында белгілі жоспар бойынша жұмыстар аткарылды. 27.11-01.12.2023 жыл аралығында «Біз өмірді таңдаймыз!» такырыбында апталық өтілді. 5-7 сыныптар арасында қабырға газеттер шығарылды. «Біз тамаша өмір үшін!» атты сурет сайысы өткізілді. Сулейменова С.М. үйымдастыруымен «Салауатты өмір сүр» атты ашық жиын өткізілді. 9-10 сыныптар арасында ЖКТБ/АКТБ бойынша тест алынды. Берілген тақырыпты тәрбие сағаттары мен дәріс-сабактар үйымдастырылды. «Жігер» үйымының үйымдастырылуымен 10 сыныптар арасында волейболдан жарыс өткізілді. Барлық іс-шаралар жоспарға сәйкес, жоғары деңгейде үйымдастырылып өткізілді.

Шешімі:

1. 7-8 сыныптардағы биология пәнінің оқытушу жағдайы қанағаттанарлық деп танылсын.
1,1 Пән мұғалімі тарапынан кейбір оқушыларға берілетін сараптау тапсырмалары қыска мерзімді жазуды ескерілсін.
1,2 Практикалық дағдыларды қалыптастыруды тапсырмалар орындау тереңдетілсін.
2. Жас және жанадан келген мамандардың кәсіби шеберлігінің корытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2,1 Пән мұғалімдері тарапынан теориялық шеберлігін тәжірибелеу шараларын жүзеге асырудың тиімді әдіс-тәсілдері ескерілсін.
3. 9-сыныптардың ОЖСБ-га дайындық барысында пән мұғалімдерінің дайындық сабактарын өткізу жұмысы тереңдетіле жүргізілсін.
3,1 әр алынған бақылау көрсеткіші диагностикалансын. Диагностика жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін.
4. Дәптер жүргізуге қойылатын талаптар пән мұғалімдері тарапынан бақылансын.

5 Халықаралық ЖИТС ке қарсы күрес айлығының жүргізілүі қанағаттанарлық деп танылсын.

Төрағасы
Хатшы:


Ради
Атмай

К.С.Байгалиев
Мадыбаева А.О.